# KAZ MINERALS ТОБЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ

KAZ Minerals Тобының барлық компанияларына қатысты қолданылады.

**Біздің өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Ұстанымымыз:**

"Барлық жұмыскерлеріміз қауіпсіз әрі тиімді қызметті қамтамасыз ету үшін дұрыс шешім қабылдайды"

**Біздің Көзқарасымыз:**

- Барлық жарақаттар мен жазатайым оқиғаларды болжауға және олардың алдын алуға болады: мақсатымыз - жарақатсыз қызмет ету
- Қауіпсіз өндіріс дегеніміз - бұл тиімді өндіріс
- Қызметіміздің қоршаған ортаға әсері барынша төмен болуы тиіс

**Ұстанымымыз бен Көзқарасымызды** іске асыру үшін Корпоративтік құндылықтарды сақтай отырып, келесі негізгі қағидаттарды басшылыққа алып, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау деңгейін үздіксіз арттыруға тырысатын боламыз:

- Барлық қызметкерлеріміз бен мердігер ұйымдардың жұмыскерлері қауіпсіздік саласындағы ережелерді сақтау мен талаптарды орындауға жауапты, сондай-ақ өз жұмысында тиісті құралдар мен жабдықтарды пайдаланады.
- Көшбасшыларымыз қызметкерлердің амандығын және қоршаған ортаның сақталуын қамтамасыз ету үшін аталған ережелерді құлшыныспен сақтауға ниетті.
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық тәуекелдер мен қауіп-қатерлер белсенді анықталады, бағаланады және тұрақты түрде бақыланады.
- ӨҚ, Е және ҚОҚ саласындағы ережелер қарапайым, айқын болуы және қауіп-қатерлерді бағалауға негізделуі тиіс.
- Оқиғалардың қорытындылары барлық мүдделі тараптардың назарына жедел жеткізілуі тиіс.

Топтың басқарма төрағасы ретінде, мен **Ұстанымымыз бен Көзқарасымызды** іске асыру үшін барлық күш-жігер мен қорларды салуға уәде беремін.

**Эндрю Саузэм**

**KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы**

**Алматы, 2019 жылғы «** 16 **»** мамыр